

АБАЙ

UNIVERSITY

№03
(216)Наурыз
март

2022

2002 жылдың тамыз айынан бастап шығады

ҚҰТТЫҚТАУ

ҚҰРМЕТТІ ӨРІПТЕСТЕР,
БІЛІМ АЛУШЫЛАР!

Баршаңызды келе жатқан Наурыз мереке-сімен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз бірліктің, татулықтың, еңбектің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланған. Сондықтан болар, қазақ халқы Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды салт-дәстүрге айналдырған.

Бұл мерекеде игі істер жасау, жарқын болашаққа жоспар құру әдетке айналған. Наурыз өмірімізге жасампаздық пен дамудың жаңа серпінін әкеледі. Сондықтан біз Наурызды асыға күтеміз және көктемнің алғашқы күндерінен бастап оған дайындаламыз.

Ұлыстың ұлы күні баршамамызға жаңа жетістіктер мен қуаныш, әр отбасына жылудық пен молшылық, ортақ Отанымыз - Қазақстанға жақсылық пен бейбітшілік әкелсін. Еліміз тыныш, берекелі болсын. Біз біртұтас халықпыз және елімізді өркендету жолында жұмыла жұмыс істеуге дайынбыз.

Баршаңызға денсаулық, амандық, еңбек пен оқуда үлкен табыстар тілеймін!

Ұлыстың ұлы күні елімізге, жерімізге құт - береке ала келсін. Ұлыс оң болып, әрбір күніміз Наурыз күніндей шуақты болсын! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Құрметпен,
ректор Дархан Біләлов

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

НАУРЫЗ

— МЕЙРАМЫ —

ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

НАУРЫЗБЕН СЫРЛАСУ

Қырмызы кілем жайғызып,
Қатар да қатар сән түзген.
Оңаша жерде ой сүзіп,
Сырласам сырлы наурызбен.

Сыңғырлап күміс күлкісі,
Жылғада жатыр су ағып.
Керуен де керуен жыл құсы,
Келеді көкте шұбалып.

Жер-Ана шешті сілкініп,
Ақмақпал тонын қимастан...
Өзендер жатыр жыртылып,
Арнасына сыймастан.

Қырдың да үсті құлпырды,
Көкпенбек барқыт жамылып.
Жүректе бір ән бұлқынды,
Көк көйлек қызды сағынып...

Самала жұпар аңқыған,
Наурызым келді тағы да.
Әнімен әсем шалқыған,
Наурызек қонды бағыма.

Жүректі тербеп қуантқан,
Көл көсір көңіл өз елім.
Жібектей жылы шуақтан
Мейірімділік сеземін.

Болат ЖҰМЫНҰЛЫ

НАУРЫЗ - ТАНЫМ

НАУРЫЗҒА БАЙЛАНЫСТЫ
22 ДЕРЕК

1. Наурыз мейрамы – әлемнің ең көне мереке-лерінің бірі. Орта Азия халықтары оны бес мың жыл бойы атап өтуде.
2. Наурыз – парсы тілінде бір ғана күн аты, яғни жаңа жылдың бірінші күні – «жаңа күн» деген сөз.
3. Наурыз мейрамы – күн мен түннің теңелетін күні 22 наурызда атап өтетін ұлық мереке.
4. Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған. Бұл мейрамды ежелгі гректер «патрих», бирмалықтар «су мейрамы», тәжіктер «гүл гардон», хорезмдіктер «наусарджи», татарлар «нардуган», буряттар «сааган сара», соғдылықтар «наусарыз», армяндар «накасарди», чуваштар «норис ояхе», түркімендер «гүлщещек», «гүлнаурыз» деп түрліше атаған.
5. Наурыз мерекесі 18-ғасырға дейін Грек, Рим, Италия, Франция, Ұлыбританияда атап өтіліп, 1700 жылға дейін Русьелінде де тойланған деген дерек бар.
6. Көктем мерекесі туралы мәліметтер антикалық және ортағасырлық жазушылардың еңбектерінде кездеседі. Платон, Аристотель, Әбу насыр әл-Фараби, Әбу Райхан Бируни, Омар Хаям, тағы басқалардың еңбектерінде шығыс халықтарының Наурызды қалай тойлағандығы туралы мәліметтер мол.
7. Наурыз мейрамының шығу тарихы турасында талас көп. Көбі ел аузындағы аңыздарға жүгінеді. Аңыздың өзі саналуан. Ең бастысы наурыз мейрамы – діни мереке емес, ол өзінің бастауын мұсылмандыққа деінгі замандардан алады. Кейбір ғалымдар бұны зороастризм мен шаманизм кезеңіне дейінгі уақытпен байланыстырады. Кейбір этнографтар парсы патшасының жорықтарымен байланыстырып жүр Біздіңше, наурыздың шығу себебі көшпелі халықтардың көші-қон ұғымына қатысты.
8. Орта ғасырлық ғалымдардың еңбектеріндегі деректерге назар салсақ, тұран халықтары Наурыз күндері мынадай ырымдар жасаған: Әр жерде үлкен от жағып, отқа май құйған. Жаңа өнген жеті дәнге қарап болашақты болжаған. Жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже – сумалақ ұсынған. Ескі киімдерін тастаған. Ескірген шыны аяқты лақтырған. Бір-біріне гүл сыйлаған. Үйлерінің қабырғаларына дөңгелек ою – «күн символын» салған. Үй ішіндегі тіреу ағашқа гүл ілген. Ұлттық ойындар ойналған. Бұл күні кәрі-жас мәз болып, бір-біріне жақсы тілектер айтқан. Араздасқандар болса, кешірген.
9. Наурыз – дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыстың ұлы күні деп саналған, ол жыл басы деп есептелген. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті және киелі.
10. Жаңа жыл табалдырықтан аттайтын кеште терге қос шырыяқ жағылып қойылатын болған. Наурызға дейін үйдегі жиназ бен барлық мүлік қағылып-сілкіленіп, жуылып, тазартылады. Мұнда «Жаңа жыл мұнтаздай таза үйге кірсе, ол үйдің адамдары ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деп ырымдалған.
11. Наурыз мейрамын тойлау сібірлеп атқан алтын таңды қарсы алудан басталған. Бұл ежелгі ғұрыптардың тағы біріне «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген ұғым да жатады.
12. Қазақ халқының наным бойынша, наурыз айының алғашқы күндерінің бірінде жер бетінде ерекше бір гүл жүреді. Ол гүлді бірінші болып қой жануары сезеді-мыс. Мұндай күні бүкіл тірі

РЕЙТИНГ

ABAI UNIVERSITY:

RankPro УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ ЖАҒАНДЫҚ
РЕЙТИНГІСІ БОЙЫНША ҮЗДІК 1000 КІРДІ

Жақында жарияланған, әдіснамасы әлемнің түрлі университеттерінің беделді сарапшылары - профессорларының пікірлері мен бағалауларына негізделген, бүкіл әлемнің 2425 жоғары оқу орны тіркелген RankPro-2021 (RankPro Worldwide Professional University Rankings) әлемдік рейтингінде Abai University 917-ші орынға ие болды. Abai University-мен қатар Қазақстанның тағы 5 университеті әлемнің үздік 1000 университеттерінің қатарында.

Абай университеті RankPro рейтингісіне қатыса отырып, білім беру сапасына бейлділігін растайды, өйткені Халықаралық ғалымдар кеңесі (ICS) шеңберінде өткізілетін кәсіби сапа рейтингі оқу процесінің сапасын және алынған арнайы білімді бағалауға бағытталған.

Университетті әлемдік рейтингтерде ілгерілету халықаралық аренада танымал Abai University брендін құру үшін қажет, өйткені университет өзін елімізде және Орталық Азия өңірі деңгейінде педагогикалық білім берудің көшбасшысы ретінде көрсетеді.

Стратегия департаменті

АБАЙДЫҚТАР МИНИСТРМЕН КЕЗДЕСТІ

20 наурызда ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Абай атындағы ҚазҰПУ студенттерімен кездесті. Оған университет ректоры Дархан Біләлов және педагогикалық мамандықтардың 1-3 курстарының 70-ке жуық студенті қатысты.



Іс-шара баяндамасыз, формализмсіз, еркін пікір-талас форматында өтті. Министр білім беру және болашақ мұғалімдерді даярлау саласындағы өзгерістер туралы айтып, соңғы жылдары жоғары оқу орындарына педагогикалық мамандықтар бойынша түскісі келетін мектеп түлектеріне қойылатын талаптардың күшейтілгеніне тоқталды. «Педагогикалық мамандықтарға үздік талапкерлерді тарту мақсатында ҰБТ-ның шекті балы 50-ден 75-ке дейін көтеріліп, болашақ ұстаздар үшін стипендиялар мөлшері ұлғайтылды», деді министр өз сөзінде.

Сондай-ақ, А.Аймағамбетов педагогикалық мамандықтар студенттеріне арналған міндетті Ұлттық біліктілік тестілеуге қатысты түсініктеме беріп, болашақ педагогтарды кәсіби сертификаттауды енгізудің маңыздылығына тоқталды. Министр педагогикалық жоғары оқу орындарының түлектерін сертификаттаудан өту қажеттігін, яғни жас маман жұмысқа Ұлттық біліктілік тестін тапсырғаннан кейін ғана қабылдана алатынын атап өтті. Бұл жаңашылдық кадрлардың сапасын арттыруға бағытталған: біліктілік тесті түлектердің оқу пәні мен әдістемесі бойынша білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Министрлік тарапынан жүргізіліп жатқан кешенді шаралар студенттерді диплом алуға емес, сапалы білім алуға ынталандыруға бағытталды. Педагогикалық жоғары оқу орындары үшін білім сапасымен қатар олардың түлектерінің біліктілік деңгейіне және жұмысқа орналасуына жауапкершілік артады.

А.Аймағамбетов балаларды оқытуға білімі мен қабілеті жетпейтін түлектер білім беру ұйымына жұмысқа қабылданбайтынын баса айтты. Бұл нәтиже педагогикалық жоғары оқу орындарының лицензиясынан айыруға әсер етеді. Бұл жерде түлектердің саны емес, мамандардың сапасы маңызды. Оның айтуынша, мектептерге үздік түлектерді жібере отырып, жалпы білім беру сапасын арттыруға болады.

Сондай-ақ, министр мұғалімдердің санаттарын көтерудегі өзгерістер, оларды мектептерге жұмысқа қабылдау қағидалары туралы егжей-тегжейлі айтып, бұл процесс ашық болуы тиіс екенін атап өтті.

«Қазір саланы дамыту бойынша үлкен кешенді жұмыстар жүргізілуде. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың қолдауының арқасында біз Педагог мәртебесі туралы Заң қабылдадық, онда біздің сала қызметкерлерінің құқықтарын қорғау, негізгі қызметке байланысы жоқ жұмыс уақыты мен жүктемелерді азайту жөніндегі шаралар кешені қарастырылады», - деді министр.

Кездесу барысында студенттер өздерін еркін ұстап, қызықтырған сұрақтарын қойып, оларға нақты жауаптар алды. Болашақ мұғалімдермен әңгімелесу соңында министр жаңа Қазақстанды құрудағы педагогтардың рөлі өте жоғары екенін, сондықтан педагогикалық университеттерге білім сапасын арттыру қажеттігін, ал студенттерге студенттік өмірде белсенділік танытып, сапалы білім алу үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалану қажет екенін атап өтті.

Қоғаммен байланыс департаменті

Басы. Жалғасы 3 бетте

СТУДЕНТТЕР «АХМЕТ. ҰЛТ ҰСТАЗЫ» ФИЛЬМІН ТАМАШАЛАДЫ



«Рухани жаңғыру - болашаққа бағдар» мемлекеттік бағдарламасы аясында ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейлі тойын атап өту жоспарына орай, жатақханаларда тұратын студенттерге ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысымен шыққан «Ахмет. Ұлт ұстазы» кино туындысының кешкі көрсетілімдері ұйымдастырылды.

Жобаның басты мақсаты - Алаш көсемдерінің бірі, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ халқының оқу-ағарту ісінде ғылыми хәм оқытушылық бағытында орасан зор бастамашылдық танытқан, алғашқы қазақ әліппесінің авторы, университетіміздің тұңғыш профессоры, ұлағатты ұстаз Ахмет Байтұрсынұлының тәрбиелік мәнді өмір жолының құндылықтарымен нартұлғалық үлгісімен өскелең ұрпақтың мәдени танымдық әлеуетін күшейтуге арналды. Оның еліміздің дамуы мен халқының ағарту ісінде қосқан үлесі ұшан-теңіз.

Заманауи үлгіде түсірілген фильм Ахмет Байтұрсынұлының қилы соқпақсыз өткен ғұмыры мен қайсар да парасатты тұлғалық болмысынан, сол заманның тарихынан сыр шертетін эпизодтары жастардың рухани жан дүниесін тебіреніп қана қоймай, көрерменнің талғамына рухани азық болып орын алғанын көрсетеді. Көрсетілім

800-ден астам көрерменнің қатысуымен жүрді.

Аталған жобаға шығармашылық қолдау білдіріп, арнайы бейнабаянда сәлемдемесін жіберген, «Ахмет. Ұлт ұстазы» фильмінің туындысын сыйлаған сериалдың авторлары, режиссері әрі сценаристі Мұрат Есжанға және продюсер Айсәуле Әбілдаеваға, университет басшылығы атынан шексіз алғысымызды білдіреміз!

Мақсат ЖАҚАУОВ,

«Рухани жаңғыру» Жобалық кеңсе жетекшісі

ТАЛАПКЕР - 2022

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



17 наурызында Абай университетінде Қостанай қаласының мектеп бітіруші түлектеріне Ашық есік күні өтті. Іс-шараның ұйымдастырушылары - Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Қабылдау кеңсесінің қызметкерлері мен Педагогика және психология институтының Маркетинг бөлімінің жетекшісі Бауыржан Жанқушқов.

Мектеп оқушылары Абай атындағы ҚазҰПУ-дың корпустарының материалдық-техникалық жағдайымен танысып, мамандандырылған дәрісханалар мен зертханаларға экскурсия жасады. Кездесу барысында оқушыларға университетте оқытылатын білім беру бағдарламалары туралы және келешекте жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы ақпараттар берілді.

Кездесу соңында оқушылар болашақ мамандық таңдауда көкейлерінде жүрген көп сауалдарына жауап алып, ризашылықтарын білдірді.

Піжіт: Маркетинг бөлімі

ҰЛТ КӨСЕМІНЕ АРНАЛҒАН АЙТЫС

Алматы қаласындағы «Алатау» дәстүрлі өнер театрында «Менің пірім - Сүйінбай» атты кезекті республикалық жас ақындар айтысы мәреге жетті. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ұйымдастыруымен өткен бұл аламан айтыс қазақтың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы және Алаш қозғалысының көсемі Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналды. Биыл алтыншы мәрте шымылдығын түрген жыр додасына республика аймақтарынан келген ой-өрісі кең, толғауы терең азулы ақындармен қатар, қаламыздың жоғарғы оқу орындарынан кіл іріктелген жүйріктер мен сөз өнерін пір тұтатын дарынды жастар қатысты.

Дүбірлі доданы университет басшысы Дархан Біләл ашып, барлық қатысушыларға сәттілік тіледі. Ол өз сөзінде айтыскерлердің орақ тілділігі, от ауыздылығы, сөз көркемдігі, білімділігі, алғырлығы, тапқырлығы, тақырыпты ашу шеберлігімен бірге, А.Байтұрсынұлының өмірі, шығармашылығы мен ғылыми мұрасы

докторы, профессор Темірхан Тебегенов, Қазақ ұлттық өнер университетінің «Дәстүрлі ән» кафедрасының аға оқытушысы, айтыскер ақын Еркебұлан Қайназаров, ҚР Мәдениет қайраткері, белгілі ақын Серік Қалиев қатарлы өнер майталмандары қазылық жасады.



туралы айту, жастарды өз елін сүйуге, оның өркендеуіне өз үлесін қосуға және ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға үйрету екендігіне тоқталды. Шара барысында сөйлеген ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Айтыс ақындары мен жыршы-термешілер» одағының Басқарама төрағасы, «Парасат» және «Құрмет» орденінің иегері Жүрсін Ерман жыл сайын өткізіліп келе жатқан жасар айтысының маңыздылығына тоқталып, бұл өнер додасының жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы өте үлкен екендігін тілге тиек етті, жас жүйріктерге өз батасын берді.

Аламан додаға түсетін жас ақындардың айтысын ақын Жүрсін Ерманнан басқа, «Алатау» дәстүрлі өнер театрының директоры, айтыскер ақын Ринат Зайытов, «Құрмет» орденінің иегері айтыстың ақтангері Бекарыс Шойбеков, филология ғылымдарының



Айтыс екі кезеңнен тұрды. Ақтық кезеңге жиырма айтыскер өтіп, көрермен ілтипатына ие болды. Сөйтіп жыр жекпе-жегінде жер апшысын қуырған кіл

ҚҰТТЫҚТАУ

ИНСТИТУТ ПРОФЕССОРЫ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

« Білім және ғылым министрлігінің ғылым комитеті жариялаған «Үздік ғылыми қызметкер - 2021» республикалық конкурсының қорытындысы бойынша Филология және көптілді білім беру институтының профессоры, ф.ғ.д. Аяпова Таңат Тәңірбердіқызы үздік деп танылды. »



Аяпова Т.Т. - «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» (1994), «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» (2020), «Қазақстан Республикасы ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2002), «Қазақстан Республикасы ЖОО-ның үздік оқытушысы» (2007), «ҚР ЖОО-ның Ең үздік оқытушысы» байқауының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мемлекеттік гранты (2007), Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаты - 2010 ж., «Құрмет» Ордені - (2014), «Еңбек Ардагері» Медалі - (2018), «Үздік ұстаз - Абай атындағы ҚазҰПУ» 2017, «Парасат» Ордені - (2021).

Таңат Тәңірбердіқызы республиканың жас мамандарын даярлауға және ғылым саласына зор үлес қосуда: Т.Т.Аяпова 300-ден астам магистранттарды, 7 ғылым кандидаттарын, 3 PhD докторларын дайындады.

ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА АРНАЛҒАН СТЕПЕНДИЯ ЛАУРЕАТЫ



Байшемиров Жарасбек Дүйсембекұлы он жылдан бері Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Математика, физика және информатика институтында қызмет етіп келеді. Ол Халықаралық «Болашақ» бағдарламасының түлегі, University Colledge London оқу орнында тіл курстарынан өтті (Лондон, Ұлыбритания, 2013 ж.) және Тулуза университетінде қолданбалы есептерді математикалық және компьютерлік модельдеудің өзекті мәселелері бойынша ғылыми тағылымдамадан өтті (Тулуза, Франция, 2013-2014жж.). Сондай-ақ, 2017 жылы дарынды жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендия иегері және 2019 жылы ЖОО-ның үздік оқытушысы атанды, сонымен қатар ҚР БЖҒМ іргелі және қолданбалы жобаларының ғылыми жетекшісі және/немесе орындаушысы (2012-2023 жж.), халықаралық «GeKaVos» неміс-қазақ жобасы орындаушысы (2019-2020 ж.).

Университет ұжымы



жүйріктердің өнерін көрермен жұрт екі күн бойы тамсана тамашалады. Бәрі де ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы мен істеген еңбегін термелеп, ұлы ұстаздың толғамдарына терең бойлай білді, ойшыл-ғалымның ұлағатты істерін бүгінгі қоғаммен байланыстырып, елдік мүдде мен бекем бірліктің баянды болуын тіледі.

Айтысқа жанкүйер болып қатысқан Филология және көп тілді білім беру институты директорының орынбасары Ерлан Қасеновтен айтыс туралы пікірін сұрағанымызда: «Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының рухына арналған бұл дода бүкіл көрермендердің жүрегінен шықты деп ойлаймын. Ұлы Ахаңның қасиеті, қадірі, оның қазақ руханиятында, әдебиетінде, тарихында алатын орны ақындардың аузынан жақсы айтылды», деді ол.

Қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені (350000 теңге) аламан тартыста тартымды өнер көрсеткен Айбек Жеңісқазин жеңіп алды. Бірінші орын Нұрбол Жауынбаевқа бұйырса, екінші орынды Ерасыл Жақсыбек пен Айым Асылбекқызы еншіледі. Ал, үшінші орынды Бексұлтан Орынбасаров, Жанарыс Тілеубек және Бекеғали Бекболат өзара бөлісті. Жүлдегерлердің бәрі қомақты ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Жалпы, айтысқа қатысушы барлық ақынға университеттің алғыс хаттары мен арнайы сыйлықтар табысталды.

Болат ЖҰМЫНҰЛЫ

Абай университетінде «Жас зерттеушілер кеңесі» құрылып, кеңестің №1-ші отырысы болып өтті. Кеңестің алғашқы отырысына университет ректоры Дархан Біләлов, зерттеу қызметі жөніндегі проректор Ермек Бөрібаев және Ғылым департаментінің директоры Ұлжарқын Әбдіғапбарова қатысты.

«ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕР КЕҢЕСІ» ҚҰРЫЛДЫ



Отырыстың күн тәртібінде: «Жас зерттеушілер кеңесі(ЖЗК)» туралы, ЖЗК төрағасы мен комитеттерінің жетекшілерін тағайындау және кеңес құрамын бекіту; Жас зерттеушілер кеңесінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспары туралы және т.б. мәселелер қарастырылды.

Ғылым департаментінің ұйымдастыруымен құрылған Кеңестің құрамында талантты 32 жас зерттеуші бар. Кеңес 4 комитетке бөлінген және әр комитеттің атқаратын өз қызметі бар екендігін айта кеткен жөн. Отырыс барысында Кеңестік төрағасы мен 4 комитеттің жетекшілері тағайындалды.

Университет басшылығы мен кеңес мүшелерінің ортақ ұсынысымен Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Жас зерттеушілер кеңесінің» төрағасы болып университеттің постдокторанты, PhD Шахислам Лайсханов, Ақпараттық комитет жетекшісі болып постдокторант, PhD, әлеуметтанушы Талғат Қылыбаев, Ғылыми этика комитетінің жетекшісі болып постдокторант, PhD Нұрбол Усенов, Ғылыми-әдістемелік комитет жетекшісі болып PhD, С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған проф. м.а. Гүлсамал Дюсембина, Коллаборация комитетінің жетекшісі болып Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы, магистр Әлібек Байбол тағайындалды.

Отырыс барысында Кеңес төрағасы Шахислам Лайсханов Кеңестің 2022 жылға арналған жоспарын таныстырды. Университет басшылығы жылдық жоспарды бірауыздан мақұлдап, кеңес жұмысына сәттілік тіледі.

Баспасөз қызметі

НАУРЫЗҒА БАЙЛАНЫСТЫ 22 ДЕРЕК

тіршілік – табиғат, жан-жануарлар, адамдар жандана түседі. Бұл күні шаш алуға, тырнақ алуға болмайды., әйтпесе сал болып қала-сың деседі. Айналадағы тір жан иесінің бәрі «әзден» кейін ғана ерекше күш-қуатқа ие болады деп ырымдайды.

► **13.** Қазақ халқы бұл мейрамды «Әз Наурыз мейрамы» деп те атайды. Наурыз мере-кесін қазақтар «Армысың, Әз-Наурыз!», «Әз болмай, мәз бомайды» – деп қарсы алған. ► **14.** Наурыздың 21 күні бүкіл даланы Қызыр ата аралап, кезіккен адамға бақ-дәулет дарытады. Қызыр ата назары түскен тас кеуде еріп, жерге түссе, ондағы қатқан тоң жибиді де ырымдайды. ► **15.** Наурыз мейрамында халық таза, жаңа киімдерін киген. Ер адамдар бір-бірімен қос қол-дап амандасып, төс қағыстыратын болған. Әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтқан. Бұл күні адамдар бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурызкөже ішуге шақыра-ды. Наурызкөже қойдың басы мен сүр ет салып дайындалады, бұл ырым – қыс тағамымен (етпен) қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді.

► **16.** Наурызда, әдетте адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан арылады. Ақсақалдар араларына жік түскен бауырлас ел, ру, ағайын-туыс, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған, жалғаз-жарым жетім-жесірлердітеңін тауып қосып, үйлендірген, жеке отау еткен. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстары-ның қарауына арнайы міндеттеп, тапсыр-ған. Жұтқа ұшырып қиналғандарға жылу жинап берген.

► **17.** Наурыз – көктем мен еңбектің, достық пен бірліктің, бейбітшілік пен біртұтастық-тың мейра-мы болумен бірге, халқымыз-дың сал-дәстүрле-рін құрметтеп, ұлттық төл қасиеттерімізді бойына сіңіріп, жан-жақты дамыған, өнегелі, өнерлі, мейірбан азамат тәрбиелейтін ұлттық мейра-мымыз.

► **18.** Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңде-рінде (1918-1925ж.ж.) шығыс халқы бұл мерекені атап өткенімен, 1926 жылы большевиктік-тотали-тарлық жүйе оны «діни мейрам», «ескіліктің сарқыншағы» деген желеумен тоқтатып, тойлауға қатаң тыйым салды. Әйтсе де Қазақ-станның кейбір аймақтарында жасырын түрде сақталды. Көп жылдар бойы еске алынбай ұмытылған, сөйтіп өзінің негізгі функциясын жоғалтқан мереке 1988 жылдан бері қайта жаңғырып, Наурызды тойлау дәстүрі өз жалға-сын тапты.

► **19.** Наурыз мейрамы 1991 жылы 15 наурызда ҚазақКСР Президентінің қаулысы-ның негізінде мемлекеттік мәртебеге ие болды, 22 наурыз күнін «Наурыз мейрамы» деп ресми жариялады.

► **20.** 2009 жылдың 24 сәуірінде ҚР прези-дентінің қаулысына сәйкес наурыздың 21, 22, 23 күндеріне «Наурыз мейрамы» деген мәртебе берді.

► **21.** 2010 жылдың 10 мамырынан бастап БҰҰ Бас ассамблеясының 64-қарарына сәйкес 21 наурыз «Халықаралық Наурыз күні» болып танылды. Бас ассамблея өзінің берген түсінікте-месінде «Наурызды көктем мерекесі ретінде 3000 жылдан бері Балқан түбегінде, Қара теңіз аймағында, Кап тауында, Орта Азияда және Таяу Шығыста 300 миллион адам тойлап келе жатқан-дығын» мәлімдеді.

► **22.** 2009 жылдың 30 қыркүйегінде ЮНЕСКО Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізді.

кетеді екен. Тұрғын үй салынса, мектептің оқу ғимараттары мен жатақханалары тегіс сүрілуі тиіс екен. Мұндай жағдайда мектеп жабылмай аман қалуы мүмкін емес. Құрылыс компаниясы ғимаратты босатыңдар деп дікендей бастады. Не істеу керек? Мұхтар Ботабайұлы мектеп директоры ретінде Білім және ғылым министрлігіне барып, хат жазып, көмек сұрады. Бірақ, ондағылар сметасы белгіленіп, жоспарланып қойған құрылысты тоқтата алмайтындықтарын айтып, мүлде шарасыздық танытты. Министрліктен ешқандай көмек болмайтынын білген мектеп басшысы, бұл мәселеде өзі мен ұжымынан басқа сенетін ешкім жоқ екенін сезеді. Сөйтіп алдымен мектеп ұжымын жинап, қарсылық акциясын ұйымдастырады. Кейін бүкіл мектеп болып аулаға шығады. Оны да ұйымдастырған мектеп директорының өзі болатын. Мектеп басшысы мен ұжымның жан айқайы күндердің күнінде БАҚ-тың құлағына жетіп, әр алуан телеарналардың тілшілері келе бастайды. Телеарналардан ұстаздар мен ата-аналардың, қала жұртшылығының қарсылығы күн сайын көрініс тауып, ол күннен күнге күшейе түсті. Осындай жанайқайдан кейін ғана халық үніне құлақ қойған қала әкімшілігі тарапынан мектепті басқа ғимаратқа көшіру туралы ұсыныс жасалады. Алайда, бұл ұсыныс қабылданбады. Қала халқы «Мектепті көшіру – қазақ тілін өшіру!» деп ұран тастап, қала маңына қайта жиналды. Осы қарсылықтан соң ғана жоғары жақтан «бізге елдің тыныштығы қымбат» деген нұсқау түскен. Алайда, бәрібір тоқпағы мықтының дегені болды. Түптің түбінде қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын мамандандырылғын мектеп-



интернатты басқа ғимаратқа көшіріп тынды. Бұл жерде ең басты жеңіс – мектептің жабылмай аман қалуы еді. Міне, мектептің жабылмай аман қалуын ұйымдастырып, басы-қасында жүрген азамат осы біздің бүгінгі кейпкеріміз Мұхтар Ботабайұлы болатын. Түсінгенге Мұхаңның бұл еңбегі ерлік іске теңеуге болады, түсінбегенге, сөзімізді шығындап, құлағына құйып әуре болып жатқымыз келмейді. Әрине, жаңа қоныс дарынды балалар дәріс алатын мектепке сай бола қоймағаны өзінен өзі белгілі. Мектеп басшысының көп тер төгіп, еңбектеніп, талай басшылар мен мекемелердің табалдырығын тоздырып жүріп, қажыр-қайрат жұмсауының арқасында бұрынғы спорт мекемесі сыныптарға беріліп, қайта жабдықталды.

Дарынды балаларды оқытатын мектепті басқарған кезінде Мұхаңның тағы бір қол жеткізген үлкен табысы туралы айтып өтсек, артық емес. Ол – ұлы Абайдың 160 жылдығына орай Үкіметке хат жазып, мектепке Абай Құнанбаев атын бергізуі еді. Содан кейін Қазақстан республикасының еңбек сіңірген қайраткері, атақты мүсінші Тілеуберді Бинашқа қолқа салып жүріп, мектеп алдына қазақтың бас ақынының ескерткішін тұрғызды. Демеушілерді ұйымдастырып, спорт алаңдарын салдырды, жүзу бассейнін жаңғыртты. Айта берсең, мектептің әр жылдарда бітірген түлектерін жинап, алғаш басын қосқан да осы өзіміздің Мұхаң болатын. Сол кезде Мұхаңның ұсынысымен құрылған Қомқоршылық кеңесі қазіргі күнге дейін мектепке қамқор қолын созып, көмектесіп келеді. Естіуімізше, бір кездері өзі жетекшілік жасаған Абай мектебінің ұжымы, әріптестері мен шәкірттері Мұхаңдай іскер, қамқор, азамат басшыны күні бүгінге дейін ұмытпай, мақтан етеді екен. Шын мәнінде Мұхтар Ботабайұлын қазіргі қызмет орны – Абай университетінің ұжымы да қатты құрмет тұтады. Ол бес жылдан бері қазақ жоғары білімінің қара шаңырағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде жұмыс жасап келеді. Мұхаң алғашында киелі шаңырақтың Әкімшілік департаментін басқарды. Қазіргі таңда Қызметкерлер кәсіподақ ұйымының төрағасы. Осы жылдар ішінде оқу орнында өткізіліп жатқан іс-шараларға, ұстаздар мен қызметкерлердің мерейтойларына, демелыс орындарына баруына және отбасында болып жатқан түрлі ауырпашылық-тарына, соңғы уақытта болып жатқан пандемия індетікезінде орын алған қиыншылықтарда қол ұшын беріп, көмектесіп, қолау көрстіп отырғанына жұртшылық куә. Мұхтар Ботабайұлы қай жерде қандай қызмет атқарып жүрсе де әрдайым өз отасына сыйлы, әрі үлкен құрметке ие.

«Тәрбиелі адамдар адамның жеке басын ардақтай біледі. Сондықтан да ол әр уақытта мейірбанды, жайдары, сыпайы келеді» дейді орыстың ұлы жазушысы Антон Чехов. Өмір бойы өзінің мінезін тәрбиелеумен келе жатқан, ақыл-айраты мен біліміне сеніп ел-жұртына адал еңбек еткен, сөйтіп тірнектеп абырой жинап, елдің ыстық илтипатына бөленген Мұхтар Ибраимов биыл ақсаралы 60 жасқа толып отыр. Жүрегіне жыр толған, келбетіне нұр қонған азаматты мерей жасымен құттықтай отырып, ғұмыр жасы ұзақ болсын дейміз!

Болат ШАРАХЫМБАЙ

Балуан денелі, бурыл шашты, қызыл шырайлы осы жігітті көрген сайын, оның жан дүниесінен айналасына нұр шашып тұрған әлдебір жылы шуақты аңғарамын. «Түсі игіден түңілме» деген емес пе, жүзінен жылылық шуағы төгіліп тұратын оның өте мейірімді, парасатты, мәдениетті жан екені бір көргеннен-ақ байқалып тұрады. Хакім Абай «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген даналық сөзі тура осы жігітке арналып айтылған ба деп қалғандайсың. Адамдардың мейірімі мен жылылығы азайып тұрған мына заманда айналасына кісілік нұрын шашып жүрген бұл кім болды екен деп отырған шығар, оқырман. Көп жұмбақтамай айтайын. Бұл сыпайы да мейірбанды жан – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті қызметкерлер кәсіподақ ұйымының төрағасы Мұхтар Ботабайұлы Ибраимов.

Мұхтар Ботабайұлымен алғаш рет қашан және қай жерде танысқаным есімде жоқ. Мүмкін, қазақтың бітпейтін той-домалақтарының бірінде кездестік пе екен, бәлкім, Алматы қаласындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатта дирктор болып істеп жүргенде жолымыз түйісті ме, әлде мүлдем басқа жағдайда жүздестік пе, анық айта алмаймын. Анық білетінім ол 2017 жылы Абай университетіне Абай мектебінен ауысып келді. Абай университетінің Әкімшілік департаментіне директор болып тағайындалды. Бұл жылы шырайлы жігітті содан бастап жақсы тани бастадым десе болады.

АБАЙ МЕКТЕБІНЕН АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІНЕ...

Сөйтсем Мұхаң ауызын ашса көмейі көрінетін өзіміздің оңтүстіктің тумасы екен. Оңтүстік жақтағы атақты Ордабасы ауданы, Қараспан ауылдық округіне қарасты «Ақжол» ауылында 1962 жылы дүниеге келіпті. Осындағы жыр алыбы Жамбыл атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін , Алматыдағы Қазақ поитехникалық институтына (қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы ҚҰТУ) оқуға түседі, гидрология мамандығын таңдайды. Бұл жерасты сулары мен қазба байлықтарды іздестірумен айналысатын мамандық болатын. Ол оқыған жылдары ҚазПТИ-да Досым Сүлеев басқаратын «Дос-Мұқасан» эстрадалық ансамблінің атағы жер жарып тұрған еді. Сүлеев сонымен бірге осы оқу орнындағы партия комитетіне жетекшілік жасайтын, міне, Мұхтар осы атақты адамның шәкірті болды. Жастайынан домбыра шертіп, күй тартатын шәкірт-студент институт жанынан құрылған домбыра оркестіріне қатысты. 1982 жылы Мәскеу қаласында Бүкілодақтық жоғары оқу орындары арасында өткен конкурста оркестрмен қосылып күй орындап, лауреат атанғаны да бар. Кейін өзі де институтта көркемөнерпаздар үйірмесін басқарды. Бірақ, мектепте мұғалім боламын, артыма шәкірт ертемін деп үш ұйықтаса түсіне кірмеген жайт еді. Бәрі аяқ асынан шешілді. Оған себепкер «Мақташы» орта мектебінің директоры Нұриддин Әбдірәсілов ағай болды. Ол қиылып мұғалім болуға шақырды, бұл оның өтінішіне жоқ дей алмады. Осылай ұстаздық жолы басталды. Соңынан Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетін сырттай оқып, бітірді. Ол мектепте алғашқы күннен-ақ айналасына талантты өнерпаз балаларды жинап, домбыра оркестрін ұйымдастырды. Өзі аяққа тұрғызған осы оркестрмен аудандық, облыстық, тіпті республикалық байқауларда ауылдың атын шығарып жүрді. Мұхаң қызмет сатысында да өсе бастады. Қатардағы мұғалімдіктен бастап, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, директор болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары халықымыз қиын кезеңді бастан кешірді ғой. Бір үлкен мекеменің ұсынысымен 1995 жылы Алматы облысы Қаскелең қаласына қоныс аударды. Алғашында «Агробитех» корпорациясында вице-президент, 1998 жылы Қарасай аудандық оқу-өндірістік комбинатының директоры болып ауысты. Өз ісіне жетік маман бұл жерде де ешкімнің жүзін төмен қаратқан жоқ, жақсы нәтиже көрсетті. Сөйтіп, 2004 жыл Алматыдағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатқа басшылық қызметке тағайындалды. Мұхтар елімізге белгілі бұл мектеп-интернатты он бес жылға жуық басқарды. Осы уақыт ішінде қаншама дарынды, өнерлі, білімді шәкірттер даярланды десеңізші! Осы кезеңде мектеп оқушылары республика бойынша білім деңгейі жоғары көрсеткіштерге жетті. Бүгінде олар Қазақстанның түкпір-түкпірінде, шет елдерде абыройлы қызмет атқарып жүр.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, дарынды балаларға арналған осы мектепті басқарған жылдарында Мұхтар Ботабайұлы білім ордасының жұмысын жаңаша ұйымдастырып, оның материалдық-техникалық базасын нығайтуға өлшеусіз еңбек сіңіргенін атап айтуымыз керек. Еліміздің түкір-түкпірінен жиналған әдебиетсүйгіш жас талап керлердің табиғи дарыны мен қаблет-қарымын ашуда бұл мектептің рөлі зор екнін аңдаған жаңа басшы ұжымды нағыз педагог атына лайық парасатты, талапшыл ұстаздардан жасақтап, білім сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлді. Ол әсіресе , сабақ беру технологиясы мен әдістерін барынша жаңғыртып, инновациялық тәжірбиелерді оқу процесіне кеңінен ендіруге күш салды. Мектеп оқушылары интернатта турып оқитындықтан олардың бос уақыттарын пайдалы өткізуіне, балалар арасында тәртіпті күшейтуге назар аударды. Тіпті, түні ішінде интернатқа арнайы соғып, аралап көріп, тәртіптің жайын қадағалып жүретін кездері де көп болатын. Өткізілетін іс-шаралардың тәрбиелік мәні жоғары болуын ұстаздардан қатты талап ететін. Белгілі жазушылармен, ақындармен, жалпы зиялы қауым өкілдерімен мәнді де мағыналы кездесу өткізу арқылы оқушылардың қазақ тілі мен әдебиетіне, қазақ өнері мен еліне қызығушылығын арттыра түскен кезі де осы тұс. Жалпы, бұл мектепте директор болған жылдарында ол ұзымда нағыз шығармашылық орта қалыптастырып, білім ұясының мәртебесін асыра алды десек, көптеген әріптестер менімен келісіді деп ойлаймын.

Осы жерде Мұхтар Ботабайұлының іскерлігінен басқа қайраткерлік тұлғасын көрсететін бір оқиғаға тоқталып өтсек, артықшылығы жоқ. Сонау бір аласапыран жылдары өзі басқаратын мектеп-интернат аумағына тұрғын үй кешенін салуды жоспарлап қойыпты. Сұрастырса, жоспарлушы компания иесінің ұшы жоғарыға

ПІКІРТАЛАС

«TIME MANAGEMENT» ТАҚЫРЫБЫ АЯСЫНДА

« Педагогика және психология институтында, «8D013-пәндік мамандандырылмаған педагог-тарды даярлау» мамандығының 3 курс докторан-ты Г.С. Махарова «Time management» тақырыбы аясында 1 курс магистранттары арасында пікір-талас ұйымдастырды. »

Магистранттар тақырыпқа қатысты деректі видео-фильм көрген соң, бірнеше топқа бөлініп уақытты басқаруға қатысты оқу-әдістемелік жобалар жасап ұсынды. Әрбір топ өз жобасының ерекшеліктері мен артықшылықтарын үш тілде (қазақ, ағылшын, орыс) сипаттай отырып, уақытты үнемдеу және оны ұтымды пайдалану жолдарын белсенді талқылады.



Ақерке ЫСҚАҚ

Дайындаған Болат ҚАРАМАНАС.

Студенттік өмір – көзді-ашып жұмғанша лезде өтіп кететін сағым уақыт кезеңі дейтін үлкендер. Расында да, кеше ғана індетпен арпалысып Абай университетінің табылдырығын аттаған едік. Міне, қазір 2 курсының дап-дардай студенттеріміз. Не білдік, не көрдік, не түйдік? Бұл сауалдар уақыт өткен сайын ойға орала береді. Артқа сәл шегініс жасасақ, Алматыға келгелі бері үй-университет-кітапхана деген ұштағанның айналасында екенбіз.

Күні кеше ағайымыз Ерлан Сламбек-ұлының: «осы сендер не театр, не мұражай, не бір саяхат көрмей ұйқамақтағы адамдай не танымай, не танылмай кетіп барасыңдар. Кәне, ертең жиналып, мұражайға барайық» дегені бар емес пе. Бәріміздің ойымыз бір жерден шығып, қолдай кеттік. Сонымен барлығымыз, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс, 206 топ студенттері наурыз айының 9-ы күні универ алдындағы Абай ескерткішінің алдына



ұлы тұлғалардың, сал-серілердің, ақын-жазушылардың, жыршы жыраулардың мемориалды аспаптары сақталған. Атап айтқанда, Махамбет Өтемісұлының, Жамбыл Жабаевтың, Абай Құнанбайұлы мен Біржан сал Қожағұлұлы сынды бірнеше алып тұлғалардың саусағының ізі қалған, жеке аспаптарын өз көзімізбен көріп қайттық. Мұражай қабырғасынан тек қазақ халқына ғана тән емес әр ұлтқа тиесілі түрлі ұлттық аспаптармен қатар, ұлттық музыкалық аспаптар жайында жазылған көптеген еңбектерді көруге болады.

«Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» – деп Қадыр Мырза Әлі атамыз айтпақшы, қазақтың қара домбырасының әр тұлғаға тиесілі үш ішекті, бес ішекті, қуыс мойын, кең шанақты, тоғыз ойықты

МҰРАЖАЙДАН АЛҒАН ӘСЕР

жиылып, Алматы қаласында орналасқан Ықылас Дүкенұлы атындағы музыкалық аспаптар мұражайына жол тарттық. Күн-делікті өтіп жүрсек те, мән бермеген саябағының шығыс бөлігінде орналасқан екен. Осы мұражайға барып, әлем халықтарының саз аспаптарымен жете таныс болдық. Ойлап қарасақ, тіршілігі төрт түлік малмен біте қайнасқан ата-бабамыз табиғат үнін тыңдап, әртүрлі құрал-жабдықтардан, алдына өңгерген малдың сүйектерінен, терісінен, сонымен қатар ағаш пен қамыстан түрлі музыкалық аспаптарды соның ішінде домбыра, қобыз, сазсырнай, дауылпаз, тоқылдақ, қылқобыз, жетіген, адырна, асатаяқ, шертер сынды аспаптарды ойлап тауыпты. Музыкалық аспаптарды үрмелі, соқпалы, шалып ойнайтын ішекті деп бірнеше топқа бөліп, оған арнайы қап даярлап, аттың қанжығасына немесе іліп алып жүруге ыңғайлы әрі жеңіл етіп жасағаны аңғарылады. Әр аспаптың өзіне тән үнімен әуезділігі бар, сонымен қатар орындаушылық дәстүрі бар екенін де байқадық.

Көшпелі өмір халқы музыкалық аспаптарды жаугершілік заманда да елге хабар мақсатында қолдану үшін де жасағаны көрінеді. Осы ретте үрмелі аспаптарды дауылпаз, кернейді ойластырған. Ал



жыршы, жырау, сал-серілер болса домбыра, сыбызғы, сырнай, шаңқобызды, бақсылар болса асатаяқты пайдаланған. Бұл аспаптардың барлығы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, дәріптеліп, сақталып келе жатқан мәдени мұралар. Ал осы мұралардың басын біріктіріп, тарихы мен жәдігерге ие болып, сақтап отырған Ықылас Дүкенұлы атындағы музыкалық аспаптар мұража-йының адамзат баласының рухани дүниесін байытары анық. Сайын даланың әр бұрышынан жиылған біз секілді ауыл баласы үшін де бұл мұражай – тарихтың өткені мен бүгінін ұштастырып, ұлттық мұралардан сыр беретін, рухани азық жинап, ұлттық санамыздың ұлттық бағытта дамуына, патриоттық сезіміміздің оянуына, тарихымызды тереңінен тануымызға септігі тиер таптырмас мекеме деп түсіндік. Мұражайдың ерекшелігі XVI ғасырға тиесілі Жарас бақсының қобызы, сондай-ақ

түрлерін көрдік. Дәл осы мұражайға бару арқылы біз ұлттық рухымызды биіктетіп, патриоттық сезімімізді оятып, рухани байып қайттық.

«Құлақтан кіріп бойды алар, Әсем әнмен тәтті күй» - деп Абай Құнанбайұлы айтпақшы мұражайға кірген бетте көрсең көзің тоятын бейне мен денеңді шымырлататын керемет күйге кұә болып, алған әсеріміз өте керемет болды. Небір күйлер, әуезді әндер, толғаныстар, жырларосы аспаптар арқылы туып, табиғат үнінен, дала сазынан, қазақтың тіршілігінен, тарихынан сыр шертеді.

Қорыта айтқанда, «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» - демекші ата-бабаларымыз қалдырған мұраларды, ән мен күйді дәріптеп, сақтап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, елмен жерді аманат етіп қалдырған ата-бабаларымыздың аманатына қиянат жасамай, қазақилықты бойына сіңіріп уықты шашыратпай, бір шаңыраққа ұлт болып ұйыса білген халқымыздың атына кір келтірмеу, ол мына біздің өскелең ұрпақтың қолында. Тіліміз қазақ, ойымыз биік өркениет болуы қажет.

Жадыра ҚҰРМАНАЛИ,
Қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 2 курс студенті

ӨМСИ

КОФЕХАНА МЕН ГАЛЕРЕЯ АШЫЛДЫ

Өнер, мәдениет және спорт институтында студенттер мен профессор-оқытушыларға арналған «Coffee Notes» кофеханасы мен «Жасампаз картина сату» галереясының ашылу салтанаты өтті.



Бұл да университетіміздің көркеюіне ерекше орын беретін жұмыс орталығы, сонымен қатар студенттердің бос уақытын бірге өткізіп, шығармашылық қарым-қатынас жасайтын маңызды орталықтар-дың бірі екені айтылды. Бұл кофехана мен галерея адамға шабыт берумен қатар, жұмыс процесінде идея беретін орта десек қателеспейміз. Институтымызда «Дизайн» және «Көркем білім» кафедрасында оқып жатқан студенттердің шығармашылық жұмыстарын сату мақсатында құрылып отыр.

ҰСТАЗДАР

МЕРЕКЕЛІК КӨҢІЛ-КҮЙ СЫЙЛАДЫ

Алматы қаласындағы «Астана» алаңында Ұлыстың ұлы күніне орай киіз үйлер тігіліп, концерттік бағдарламалар, спорттық ойындар, қолөнер бұйымдарының көрмесі болып, суретшілер пленэрлік жұмыс жасады.

Біздің университетіміздің Өнер, мәдениет және спорт институты көркем білім кафедрасының педагог суретшілері Иманбакиев Ернат пен Аманжол Сұлтан пленэрлік жұмыс жасап қала әкімдігінің алғыс хатына ие болды.



Тоққожа ҚОЖАҒҰЛ,
Өнер, мәдениет және спорт институтының директоры.

НАУРЫЗ - ӨЗИМ

Бір күні профессор студенттен:

–Төрттен төртті алса не қалады? – деп сұрайды.

Студент жауап бере алмай қалған соң:

–Мысалы, қалтаңда төрт теңгесі болып, сол теңге түсіп қалса, қалтаңда не қалады? – деп сұрапты профессор пысықтап.

–Не қалсын, ағай? Теңге түсіп кеткен тесік қалады да, – депті студент қуанып.

Екі студент саясаттану сабағына дайындалып отыр.

–Есіңде болсын, Мәтіш, Ресейдің екі-ақ досы бар!

–Біреуі Қазақстан шығар, солай ма?

–Олай емес! Ресейдің ежелден досы екеуі ғана. Оның бірі – Ресейдің әскері. Екіншісі – Ресейдің әскери теңіз флоты.



ТАБИҒИ АПАТТАН абай болайық!

Су тасқыны - дегеніміз кенеттен туындайтын, су, құрғақ жердің біршама бөлігін уақытша басып алатын табиғи апат. Бұл аталған табиғи апат кенеттен пайда болып, халыққа, аумаққа, тұрмыс-тіршілікке кері әсерін тигізеді.

Ал, осы тасқын қалай пайда болады? Қысқаша соған тоқталайық.

Ол көбіне-көп жылдар, айлар бойы немесе кейде бірнеше күн қатарынан ауада жоғары температура болуы себепті, қар мен мұздардың жоғары беттерінің еруі – осыған байланысты тау бөктерлерінде қойма су көлшіктерінің жиналуы арқылы олардың қоры молая келіп ернеуін бұзса, судың төменге лықсып ағу қаупі туады. Осындай апатты жағдай 1963 жылы 6 шілдеде Есік өзені бассейнінде болды. Тау бөктерінде мұздықтар мен қардың өте жоғары температурада еруі суды көбейтіп, көл жиегі гидростатикалық қысымды көтере алмай су төмен құлаған. Жарсай ауданындағы мұздықтардан пайда болған бұл тасқыннан мыңдаған адам опат болды.

Ауадағы жоғары температура мен таулы аймақтарда жаңбырдың жиі болуынан пайда болған мұндай тасқын бұдан 39 жыл бұрын болса, осыған ұқсас оқиға 1973 жылы 12 шілдеде Мыңжылқы аймағында да байқалған. Температура бұл жолы да өте жоғары көтеріліп, тұйық судан төмен орналасқан көлшіктер арнасы өте тез жылдамдықпен тола бастады. Ал, ыстықтың әсерінен қар мен мұздықтардан аққан су көлшіктерге қосылып, соның әсерінен 15 шілде күні 17 сағат 55 минутта өте қаіпінті тасқын селі пайда болды. Бір-біріне қосылған арна салған су қоры жолындағылардың бәрін сыпыра төмен қарай жоғары жылдамдықпен ақты.

Тасқын бұрылыстарға соқтыға отырып, кедергілерді бұлдіріп, тастар мен ағаштарды ағызып өтті. Алғашқы кезіккен Мыңжылқы маңындағы плотина да оған еш

бөгет бола алмады. Тек Горельник туристік базасы ауданындағы тасқынға қарсы орнатылған тосқауыл ғана сәл қарсылық білдіріп, ақыры тасқын селінің екпініне үлкен-үлкен қой тастар да шыдамады. Тереңдігі 10-20 метр, ені 20-25 метр, кей жерлерде одан да кең арна жасап, 4 миллион текше метр су мен тасты ала жөңкіген бұл тасқын селіне қарсы тұрған Медеу мұз айдынынан білінді. Өзен жағасы аласа болғандықтан көп жерді тасқын су басады. Егер тоғандар болатын болса, тасқын су сонда жиналар еді. Сөйтіп, үкіметке, елге, шаруашылыққа тасқын су туралы алдын-ала болжау ақпараты керек. Неғұрлым болжауды ертерек берсе, соғұрлым тасқынға қарсы шаралар ұйымдастыруға мүмкіндік туар еді. Қар еру процесі, содан соң еріген қар суының жер бетіне ағуы, жерге сіңуі, жыра-жыра болып, ол сулар бір-бірімен қосылуы секілді жайттарды бақылап отыру қажет. Соның бәрін болжайтын маман, болжаушы гидрологтың болуы міндетті.

Біздің университетте гидролог маманы даярлау үшін арнайы-сабақтар оқытылады. Студенттерді тасқын болған жерлерге, салынған бөгеттерге саяхатқа апарудың маңызы зор. Олар тасқын қаупін білуді, оған тосқауыл бола білуді практикалық жағдайда үйренеді.

Су тасқыны болған жағдайда, қорғану тәсілдерін, қорғаныс шараларын біліп жүруіміз қажет. Өйткені, табиғи апат – тілсіз, ойда жоқта пайда болады. Кез-келген жағдайға дайын болып, тасқынға тосқын бола білуді үйренейік, табиғи апаттан абай болуға шақырамыз!

Сәкен ИРКИТБАЕВ,
Жаратылыстану және география
институтының доцеті,
Жансая МЕҢДІҒҰЛОВА,
Жаратылыстану және география
институтының 2 курс студенті

МӘТЕК СЫР

КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ, студенттік өмір

Адамзат баласының жеке өміріндегі есте қалар сәттерімен бірге, ең керемет кездерінің бірі жастық шақ, әсіресе студенттік кезеңі. Әр кезеңнің есте қалар қызығы болады демекші, студенттік шақ деген адам өміріндегі ең қысқа болса да, әсерлі де, әдемі шағы деп ойлаймын. Бұл ойымды барлығымыздың құптайды деген сенімдемін. Студенттік өмір әрбір адамның басынан өткен, жаныңа жылу беретін, көңілге қуаныш сыйлайтын, қызығы мен шыржығы қатар жүретін бұл кезеңде талай жастар болашақ өмірін шыңдап, біреулер жаңа ортада жақын достар тапса, біреулері бала күніндегі, яғни мектеп кездегі ашылмаған өнерлерін ашып, өздерін жаңа қырынан танып жатқан жастар қаншама? Студенттік өмірді әр адам әрқалай сезінеді. Бұл кезеңдегі қызықты оқиғалармен, көңілге кірбің түсірген қиын сәттер әр студенттің жадында естен кетпес тәтті сәттердің бірі болып қалмақ.

Алғаш оқу басталғанда, төрт жыл деген бітпейтін ұзақ уақыт секілді болып көрінеді. Алайда, студенттік өміріңнің көңілді сәттері орын ала бастағанда төрт жылыңның қалай көзді ашып-жұмғанша өтіп кеткенін байқамай да қалатын сияқтысың... Неде болса, «студенттік қызық кездердің бастамасы бірінші курста, балмұздақ атану» -дейді жоғары курс студенттері. Жаңа қала, жаңа ортада, үйіңнен жыраққа кетіп, үлкен өмірге аяқ басатын алғашқы қадамдардың бірі басталады. Біз міне, жаңадан ғана бірінші курс студенті болып, үлкен өмірге аяқ басқалы отыр едік, елді елең еткізген мына бір ауыр дерт бүгінде студенттердің көңілін су сепкендей басты. Дегенмен, біз мойымаймыз, бұл да бізге

берілген кішігірім сынақтардың бірі шығар. Қызықтың бәрі алда. Бұл қиын кездерде арта қалып зымырап өте шығады. Студенттік өмірдің қызыққа толы сәттерін университет қабырғасына барып көрмесек те, қашықтықтан оқу барысында біраз қызықтарымен, машақатын сезгендей болдық. Алдағы уақытта, елімізде орын алған ахуалдың алдын алып, біз де жақын арада студенттік өмірдің бұданда үлкен қызықты да, көнілді жайттарды басымыздан өткізеріміз сөзсіз.

Ұстазымыз Әйгерім Құмарбайқызының «студенттік шақтың әрбір сәтін қызыққа толы болатындай етіп өтізіп, ол сәттерді бағалауымыз керек» деп біздерге орын айтуында да үлкен мән жатса керек. Бір қарағанда, студенттік кезең - жастық шақ еш таусылмайтын көрінеді. Себебі, бұл қайталанбас қысқа ғана ғажап сәттер біздің өмірімізде бір-ақ рет қана келеді және жадымызда мәңгілікке сақталады. Мына біздер, болашақ жас мамандар студенттік өмірдің қызығымен қатар, үздік маман иесі болуымыз үшін, терең білім алып, уақытымызды тиімді пайдалануымыз керек. Белгілі ақын атамыз Мағжан Жұмабаевтың: «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, Мен жастарға сенемін» деген үлкен сенімін ақтауымыз қажет. Осы жолда барынша ізденіп, жаңа қоғамға жаңа дүниелерді, рухани азыққа айналар пайдалы дүниелерді бере алуымыз қажет.

Қызықты көңіл, студенттік өмірдің мәнін жете түсінейік, жас достар!

Адина МӘЛС,
«Аударма ісі» мамандығының
1 курс студенті

 МЕНШІК ИЕСІ: АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	Бас редактор Болат ШАРАХЫМБАЙ Көркемдеуші-дизайнер Нұрбол ЖЕТИГЕНОВ Акерке ЫСҚАҚ фототілші Серік ИМАНҚҰЛОВ	Редакцияның мекен-жайы: 050010 Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30-үй, № 323-бөлме. Байланыс тел.: +7 /727/ 291-37-56 Газет бүкіл республикаға тарайды.	Тапсырыс № 217 Индекс 65285 Таралымы 1000 • Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. • Редакцияға түскен материал қайтарылмайды.	«ҰЛАҒАТ» баспасының баспаханасында басылды Баспа директоры Таңат ӘЛИАСҚАРОВ Баспаның мекен-жайы: 050010 Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30 - үй.
---	---	---	---	---

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.01.2009 ж. тіркеліп, тіркеу туралы №9874 -Г қуәлігі берілген